

"Тұрғын үй-құрылыс кооперативінің қызметін ұйымдастыру және тұрғын үй-құрылыс кооперативі мүшелерінің пай жарналарын төлеу қағидаларын және тұрғын үй-құрылыс кооперативіне қатысу шартының үлгілік нысанын, сондай-ақ тұрғын үй-құрылыс кооперативінің үлгілік жарғысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2020 жылғы 3 сәуірдегі № 180 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 29 тамыздағы № 338 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 3 қыркүйекте № 36785 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Тұрғын үй-құрылыс кооперативінің қызметін ұйымдастыру және тұрғын үй-құрылыс кооперативі мүшелерінің пай жарналарын төлеу қағидаларын және тұрғын үй-құрылыс кооперативіне қатысу шартының үлгілік нысанын, сондай-ақ тұрғын үй-құрылыс кооперативінің үлгілік жарғысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2020 жылғы 3 сәуірдегі № 180 қағидалары (бұдан әрі – Қағида) (нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20346 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Тұрғын үй-құрылыс кооперативінің қызметін ұйымдастыру және тұрғын үй-құрылыс кооперативі мүшелерінің пай жарналарын төлеу қағидалары және тұрғын үй-құрылыс кооперативіне қатысу шартының үлгілік нысаны, сондай-ақ тұрғын үй-құрылыс кооперативінің үлгілік жарғысы:

Қағиданың 9-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) коммерциялық емес ұйымның басқару органдары сайлайтын немесе тағайындайтын тексеру органы (тексеру комиссиясы, тексеруші, ішкі аудит қызметі)";

Қағиданың 12-тармағының 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) тұрғын үй-құрылыс кооперативінің атқарушы органы басқармасын (төрағасын), тұрғын үй-құрылыс кооперативінің тексеру комиссиясын (тексеруші, ішкі аудит қызметі) және тарату комиссиясының мүшелерін сайлау;"

Тұрғын үй-құрылыс кооперативіне қатысу шартының үлгілік нысанында:

9.1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) коммерциялық емес ұйымның басқару органдары сайлайтын немесе тағайындайтын тексеру органы (тексеру комиссиясы, тексеруші, ішкі аудит қызметі)";

9.3-тармағының 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) тұрғын үй-құрылыс кооперативінің атқарушы органның басқармасын (төрағасын), тексеру комиссиясын (тексеруші, ішкі аудит қызметі) және тарату комиссиясының мүшелерін сайлау;"

9.11-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"9.11 ТҚК-ның тексеру комиссиясы (тексеруші, ішкі аудит қызметі) құрылтай жиналысында және кейіннен ТҚК-ның жалпы жиналысында үш жыл мерзімге сайланады."

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен :

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс министрі*

Е. Нағаспаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі